

#2

(938)
10 наурыз
2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

t Jasqazaq

f Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

АРУЛАР – АСЫЛ ЖАНДАР



*Әйелдердің күні дейді бұл күнді,
Бақтар жайнап, сайратады бұлбұлды.
Еркек түгел еркелерге берем деп,
Қолдарына ұстап апты бір гүлді.*

*Осынау күн – беделі бір өскен күн,
Жұрттың бәрін мен өзіме дос
көрдім.*

*Қай қияға жұмсаса да баратын,
Әйелдерге антын бұзбас әскермін.*

*Ұмытылмай сонау жастық кездегі
Айтылады махаббаттың сөздері.
Гүлді ерекше ұнатады әйелдер,
Гүлдерге ұқсап тұрғаннан соң
өздері.*

**Тұманбай
МОЛДАҒАЛИЕВ**

✓ BRENT \$82,70

✓ USD 439 T

✓ EUR 466 T

✓ RUB 5.65 T



СЯСИ НАУҚАН

АЛДАҒЫ АПТАДА
САЙЛАУ. МӘЖІЛІС
ПЕН МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТАРЫН
ТАҢДАЙТЫН
КҮН. СЯСИ
НАУҚАННЫҢ
СИПАТЫ
ӘДЕТТЕГІДЕЙ
ЕМЕС. БӘСЕКЕ
БАР. БҰЛ БІР
МАНДАТТЫ
ЖҮЙЕНІҢ
ЕНГІЗІЛГЕН СОҢ
АНЫҚ БАЙҚАЛДЫ.
«ТОЙ ДЕСЕ, ҚУ БАС
ДОМАЛАЙДЫ»
ДЕЙТІН ҚАЗЕКЕҢ
ҚҰР ҚАРАП
ЖАТПАЙЫН ДЕДІ
МЕ, ӘЙТЕУІР,
ТАЙЛЫ-ТҰЯҒЫМЕН
ДОДАҒА АСЫҚТЫ.
БОЗБАЛАДАН
СЕКСЕННІҢ
СЕҢГІРІН
АЛҚЫМДАҒАН
АҚСАҚАЛҒА ДЕЙІН
БӘРІ ОСЫНДА.

Көптігі сондай, кейбір округте өзін-өзі ұсынғандардың тізіміне кемі бір беттік бюллетень керек. Танымал тұлға, кешегі мәжілісмен, былтырғы президент сайлауында үміткер, саяси партия өкілдері, «гламур» блогер, «оппозициямын» дейтіндер. «Ауылдағының аузы сасық» деп, алыстағы жарылқаушының

Партиялардың сайлауалды бағдарламасы әр қилы. Мемлекет басшысының сан-салалы реформаларын қолдайтындар өзін билік пен қоғам арасындағы дәнекер деп біледі. Елдің еркін жолмен өркендеуі, тұрақтылықтың баянды болуы – басым бағыт. Әлеуметтік әділдік орнап, жемқорлық түбірімен жойылуы тиіс.

ошағын көптеп ашу – көкейкесті міндет. Сондай-ақ жыл сайын тендер мен субсидияға деп қазынадан миллиардтап бөлінетін ақшаның орнымен жұмсалуды қадағалайтын халық қалаулысы керек боп тұр бізге. Өкінішке қарай, теңіздегі тасымал жолдарына тек көршілер арқылы ғана шыға алатын елімізді



БІЗГЕ ҚАНДАЙ ДЕПУТАТ КЕРЕК?



Срайыл
СМАЙЫЛ

ақшасына алақан жайғандар. Кім екенін көршісі де білмейтіндер, қарын қамын қалай күйттеп жүргені белгісіз жұмыссыз да депутаттықтан дәмелі. Әңгіме тіркеуден өткендер жөнінде. Кандидат болу бақыты бұйырмағандар да баршылық. Мәжіліс құрамының басым бөлігін (69 мандат) бұрынғыдай саяси бірлестіктер анықтайды. Бұл жолы 7 партия бақ сынайды. Бұрынғыдай 7 емес, 5 пайыз дауыс жинаған ұйымның өкілдері төменгі палатаға бара алады. Кәсіпкерлер мен табиғат қорғаушылар үшін бұл алғашқы сынақ. Әдеттегідей, жұрттан жырақ, сайлауда ғана қимыл-қарекетіне жан бітетін бәзбір бірлестіктер бүгінде халықпен кездесуге құштар.

Біз партиялардың тізімі мен бір мандатқа үміткерлер арасынан Мәжіліс қабырғасында руханият пен сыртқы саясатты қозғап, экономика, қаржы, салық жүйесіндегі кесек-кесек мәселелерді көтеріп, күрмеуі көп түйінді шешу жолдарын көрсететін Омархан Өксікбаев, Аманжан Жамалов, Жамбыл Ахметбеков секілді өз ісінің білгірлерін көргіміз келеді. Әлемдегі геосаяси жағдай ушығып, оның зардабы біз сияқты шикізат пен сауда-саттыққа арқа сүйейтін елдерге тиіп жатқан қазіргі уақытта экономиканы әртараптандыру (диверсификация), отандық өнім өндіруге басымдық беру, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, әсіресе, ауылда шағын болса да өндіріс

аймақтағы интеграциялық одақтан шығуға шақырып жатқандар, тіпті «аспандағы қаздың сорпасы» сықылды құрғақ уәдемен қияндағы Еуропалық одаққа жетелегісі келетіндер де бар. Жер жүзін титтей қауызына кіргізіп жіберген коронавирус кеселі біздің вирусолог дайындайтын оқу орнын жауып, қандай қателікке ұрынғанымызды көрсетті. Тек медицина емес, басқа салалар да білімді де білікті маманға зәру. Жаңа Мәжіліске мектеп пен университеттегі оқу мен тоқудың сапасын айтатын, айтып қана қоймай, оң нәтижеге жетуге септігі тиетін депутат келсе игі. «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек» деген еді Абай. Ұлы ақын айтқандай, заң шығаратын Парламентте ең әуелі құжатқа құқықтық тұрғыдан баға беріп, кем-кетігін түзейтін заңгер керек!

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

Марат
АХМЕТЖАНОВ,
ішкі істер
министрі:



«Қоғамдық орында балағат сөз айтқандар тиісті жазасын алады. Айталық. қазір жаман сөз айтсам, мені жауапқа тартуға болады. Өйткені куәгерлер бар, камералар бар, яғни айналадағы адамдарды сыйламайтының көрініп тұрады. Бірақ өмірде әр түрлі жағдай болады. Аяғыңа балға түсіп кетіп, аузыңнан шығып кетсе, бұл қоғамдық тәртіпті бұзу болып саналмайды»

Ғани
БЕЙСЕМБАЕВ,
оқу-ағарту
министрі:



«25 мамырдағы соңғы қоңырауды қайтару туралы біраз ата-ана айтып жатыр. Шешімді қабылдау және оны осы жылы бірден өзгерту оңай емес. Бұл оқу жоспарына, мұғалімдердің сағатына және жоспарланған білім беру материалдарына әсер етеді. Осыған дейін қабылданған шешім биыл жүзеге асырылады. Соңғы қоңырау өткізу туралы бұйрықты оқу қауымдастығы мен ата-аналарды жинап, қайта қарау тапсырылды. Түпкілікті шешімді сарапшылар қауымдастығы қабылдайды».

МЕДИА КЕҢІСТІК

БҮГІНГІ ЗАМАНДА ҚАНДАЙ АҚПАРАТ ҚҰРАЛЫ БОЛМАСЫН, ОҚЫРМАНҒА ШҰҒЫЛ, ӘРІ ШЫНАЙЫ АҚПАРАТ ЖЕТКІЗУІ ТИІС. БҰЛ — АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ДАЙЫНДАҒАН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ДОКРИНАСЫНДАҒЫ» НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРДЫҢ БІРІ. ДОКТРИНА МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЕЛІМІЗДІҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ МЕН ЗАҢДАРЫНДА БЕКІТІЛГЕН ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ЗАҢДА ТЫЙЫМ САЛЫНБАҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ТӘСІЛМЕН АҚПАРАТТЫ ЕРКІН АЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ҚҰҚЫҒЫНАН ТУЫНДАЙДЫ. ОСЫ МІНДЕТТІ ОРЫНДАУ ҮШІН ОТАНДЫҚ МЕДИА САЛАДА ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ АҚПАРАТҚА ЕРКІН ҚОЛ ЖЕТКІЗУІНЕ ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІЛЕДІ.

АҚПАРАТ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ ТИІС



Халықаралық тәжірибеде ақпарат алудың екі үлгісі бар. Бірі мемлекеттік органдар ақпаратты сұраған адамның барлығына ұсынуы керек дегенге саяды. Мәселен, АҚШ-та мағлұмат сұратуда журналистердің айрықша құқығы жоқ. Бұл елде тілші қауым ғана емес, кез келген адам ақпаратқа қол жеткізу құқығына ие. Дегенмен мемлекеттік қауіпсіздікке қатысы бар құпия мәліметке шектеу бар.

Екінші үлгі бойынша, мемлекеттік органдар мағлұматты тек бұқаралық ақпарат құралдарына ұсынады. Олар өз кезегінде тұрғындарға таратады. Айталық, Испания Конституциясында «азаматтар ақпарат іздеу және алу үшін БАҚ арқылы ғана өз құқығын жүзеге асыра алады» делінген. Бұл елде журналистер дәрігер мен адвокаттың мәртебесіне ие, яғни «кәсіби құпияны» сақтауға құқылы. Сондай-ақ Германия Конституциясында да азаматтардың ақпаратқа тек БАҚ арқылы алу құқығы бекітілген.

Еліміздің медиа саласында дәл осы екінші үлгі негізге алынды. Бізде журналист ақпаратқа еркін қол жеткізе алады. Ата Заңымыздың 18-бабы 3-тармағында жазылғандай: «Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды тұлғалар мен бұқаралық ақпарат құралдары әр азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысы бар құжаттар, шешімдер және ақпарат көздерімен қамтамасыз етуге міндетті».

«БАҚ туралы» заңның 2-бабының 2-тармағында да осылай делінген.

Әлбетте, мұны кез келген азамат ақпарат құралынан, мәселен, зейнетақы қоры немесе банктен өзіне керек деректі әперуін талап ете алады деп түсінуге болмайды. Бұл мемлекеттік мекемелер мен БАҚ өз құзыреті шеңберінде жұртты ақпаратпен қамтамасыз етуі керек дегенді білдіреді. Айталық, мемлекеттік ақпарат құралдары сайлауға түсетін үміткерлердің тізімін, ҰБТ нәтижесі сияқты мәліметтерді жариялауға міндеттеледі. Биыл Мәжіліс пен мәслихатқа сайлау науқаны басталғанда отандық БАҚ-тарда үміткерлердің толық тізімі жарық көрді. Демек қызығушылық танытқандар сайлауға кімдердің түсіп жатқаны туралы толық ақпаратқа қанық бола алады.

Екі жыл бойы бүкіл әлемді тік тұрғызған коронавирус пандемиясын алайық. Осы кезеңде жұрт шынайы ақпаратқа мұқтаж еді. Халықаралық сарапшылар пандемия кезінде ақпарат алу және тарату еркіндігін қорғауға шақырды. Өйткені медициналық қызметпен қоса, ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесі алдыңғы кезекке шықты. Адамзат басына күн туған қиын-қыстау кезеңде әр мемлекет коронавирус туралы сенімді ақпарат жариялауға міндетті еді.

Жер-жаһанда ковид тарала бастағанда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен біздің елімізде шынайы ақпарат тарату жолға қойылды. Әр азаматтың жағдайды біліп отыруы үшін coronavirus.kz сайты ашылып, онда күн сайын вирус жұқтырғандар туралы мәлімет жарияланды. Айта кету керек, бұл

портал әлі күнге дейін жұмыс істеп тұр. Әлеуметтік желіде ковидтен «айықтыратын», ойдан-қырдан құрастырылған ем-домның түр-түрін жоққа шығарып, сақтандыру жағы да денсаулық сақтау министрлігінің ақпары негізінде БАҚ арқылы таратылды.

Сондай-ақ былтыр жазда Қостанай өңіріндегі алапат өртке қатысты мәліметтерді төтенше жағдайлар министрлігі ақпарат құралдарына дер кезінде мағлұмат берудің арқасында талай қауесеттің алдын алды.

Қақаған қыста жылусыз қалған Екібастұздағы жағдайды күллі Қазақстан халқы БАҚ арқылы біліп отырды. Төтенше жағдай министрлігі журналистерді барлық мәліметпен қамтамасыз етті.

Шынайы ақпарат таратуда билік пен халықтың арасындағы көпір іспетті журналистер дайын мәліметті таратумен ғана айналыспайды. Сонымен бірге кез келген мемлекеттік мекемеге сауал жолдап, жауабын алу құқығына да ие. Қазір тілшінің сауалына жауап беру мерзімі — 7 күн. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Қазақстан Республикасы кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу және қоғамдық қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу үстінде. Осы заңда журналистің сауалына жауап беру мерзімін қысқарту мәселесі де қызу талқыланып жатыр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
ақпарат және қоғамдық даму министрі:

«Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері туралы» заңға да түзетулер әзірленді. Ұсынылған өзгерістер азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеген мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтеді. Енді журналистің сауалына жауап беру мерзімі қысқарады. Қазір 7 күн болса, енді ол 3-5 күн болып қысқарады. Бұл ақпарат ашықтығын арттырумен қатар, жауапкершілікті де күшейте түспек. Сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік доктринасы іске асырылады. Доктринаның негізгі міндеті – отандық медиа кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және елдің ақпараттық дербестігін қамтамасыз ету».



МЕЙІРІМ ШУАҒЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН «ШАҢЫРАҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНДА 263 АДАМ ТҰРЫП ЖАТЫР. МҰНДА ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС АРДАГЕРІ, ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ, СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ЖҰБАЙЫ, АУҒАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУШЫ, ҒАСЫР ҚАСІРЕТІ САНАЛҒАН СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛУЫНА ҚОЗҒАУ БОЛҒАН «НЕВАДА-СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР, ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР, ЖӘНЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР ТҰРАДЫ.

БІЗ «ШАҢЫРАҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ ТҰРАРБЕК ТҰМАНШИЕВТЕН МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА КӨРСЕТИЛЕТІН ҚАМҚОРЛЫҚ, ҚАРТТАРДЫҢ КҮЙ-ҚУАТЫ ЖӨНІНДЕ СҰРАП СҰХБАТ АЛДЫҚ.

Jas qazaq: Өзіңіз басшылық ететін орталықта мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін қамқорлық ерекше екені қызмет түрлерінен аңғарылады.

Тұрарбек Тұманшиев: Біздің орталыққа мүмкіндігі шектеулі жандарды қабылдау талабы өзгерген. Мүгедектігі туралы анықтамасы бар, өзін-өзі асырауға шамасы келмейтін жандарды қабылдаймыз. Бүгінгі күнде орталығымызда тұратын жандардың ішінде 89 адамның мүмкіндігі шектеулі. Олардың 68-і ер адам, 21-і әйел кісі.

Jas qazaq: Бұл жандардың қажеттілігін өтеуге, яғни өздерінің жеке шаруасымен сыртқа шыққанға, басқа жерге барғанға апарып-әкелетін Инватакси көліктері бөлінді ғой сіздерде. Тасымалдау көлігіне деген зәрулік жоқ шығар?

Тұрарбек Тұманшиев: Орталығымыздағы тұрғындар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттілігі үшін мемлекетімізден қаржы бөлініп, Инватакси берілген. 2020 жылдан бері орталықтағы мүмкіндігі

Тұрарбек Тұманшиев: Дұрыс айтасыз, орталықта құқық саласын жетік білетін екі заңгер істейді. Р.Құрмашева, А.Жақыпова деген екі



заңгеріміз «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы жандардың коммуналдық төлемге қатысты, банк қызметіне байланысты, басқа да мәселелер бойынша заңгердің көмегі қажет болған жағдайда көмектесіп, қызмет алушылардың туындаған мәселелерін заңға сәйкес сауатты түрде шешуіне барынша атсалысады.

келуін қадағалайды. Сондай-ақ олардың күнделікті туындап отырған әлеуметтік мәселелерін шешуге тырысады.

Jas qazaq: Орталықта өтетін мәдени іс-шаралардан мүмкіндігі шектеулі жандар да шет қалмайтын болар.

Тұрарбек Тұманшиев: Әрине, тағдыр тауқыметін тартып, денсаулығы сыр беріп, арбаға таңылған жандардың көңілін көтеру мақсатында түрлі мәдени іс-шараларды жиі ұйымдастырамыз. Мәдениет саласы бойынша ұйымдастырушылар мен музыкалық жетекшінің іс-шаралары жоспар бойынша өтеді. Елімізде атап өтілетін мемлекеттік және ұлттық мерекелерді, басқа да мерекелік және мерейтойлық күндерді елдің аға буынына және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған іс-шараларды өткізуге негізделеді. Осындай игі шараның біразына тоқтала кетейін. Өткен жылдың соңында орталықта жаңа жыл мерекесі ұйымдастырылып, түрлі сыйлықтар таратылды. Роза Рымбаева, Гүлмира Нәлібай, Есет Садуақасов сияқты әншілер келіп әннен шашу шашып, мүмкіндігі шектеулі жандардың, қарттарымыздың көңілін бір көтеріп тастады. Сондай-ақ Ақбота Керімбекованың концертін тамашалады. «Талисман» еріктілер тобы орталықтың қызмет алушыларымен «Келінжан» фильмін бірге көріп келді. Ақын Исраил Сапарбайдың 80 жасқа толу мерейтойына орай ұйымдастырылған «Төрткүл дүние – төрт мезгіл» атты әдеби-музыкалық кештің қонағы болды. Былтыр орталығымыздағы ата-апаларымыз «SUNNY SHOW» халықаралық цирк бағдарламасын тамашалады. 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне арналған мерекелік концерт өткіздік орталығымызда. Мерекелік кеште Медеу Арынбаев, Қуаныш пен Қарлығаш, Гүлжамал Тауышова, Нысанбай Бағдат, тағы басқа да өнер саңлақтары өнер көрсетті. Тағы бір айта кететін жайт, әр ай сайын қызмет алушылардың туған күндері атап өтіледі. Орталықта концерттер, отандық эстрада жұлдыздарының, жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің, мектеп оқушыларының, еріктілердің қатысуымен кездесулер ұйымдастырылады. Вокал, хормен ән айту бойынша сабақтар өткізіледі. Мұның барлығы да қарттарымыз және мүмкіндігі шектеулі жандардың көңіліне медеу болсын деген мақсатта жүзеге асырылады.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР МҰҢАЙМАСЫН



Jas qazaq: Орталықта мүмкіндігі шектеулі жандардың арбамен жүріп-тұруына барлық жағдай жасалған ба? Баспалдақтан түсетін, жоғары көтерілетін пандустар бар шығар?

Тұрарбек Тұманшиев: Онсыз бола ма, мүмкіндігі шектелген адамдарға арбамен жүріп-тұруына барлық жағдай жасалған, оның ішінде баспалдақпен түсетін, жоғары көтерілетін пандустар бар. Соынмен қатар, әр блокта лифт бар. Әр адамның жуынатын бөлмесінде ұстайтын тұтқалар да орнатылған.

Jas qazaq: Әлеуметтік қызмет орталығында мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсететін әлеуметтік қызметкерлер де бөліне ме?

Тұрарбек Тұманшиев: «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсететін әлеуметтік істер жөніндегі мамандарымыз – 8 адам. Олар 3 блокта қызмет көрсетеді. Әлеуметтік мамандар әлеуметтік порталы арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарға жеке оңалту жұмыс жоспары бойынша ұсыныстары мен тапсырыстарын беріп,

шектеулі жандар емханаға, басқа да медициналық орталықтарға баратын болса, Инваткаси көлігін пайдаланады. Басқа да әлеуметтік мәселелері бойынша мекемелдерге баруы қажет болғанда осы көлікпен апарып, алып келеміз.

Jas qazaq: Тағы бір көңіл қуантатыны, осы орталықтың заңгерлері қарт адамдардың коммуналдық қызметке төлемін, басқа да банкпен байланысты жұмыстарын іске асыруға қолдау көрсетеді ғой?

САРАП

ШЕТ ТІЛІН
ҮЙРЕНУГЕ
АРНАЛҒАН
ТЕЛЕГРАМ-
КАНАЛДАР БАР.
СОЛАРДЫҢ БІРІ
ДӘРІСТІ ТЕСТ
ТҮРІНДЕ ЖҮРГІЗІП,
АҒЫЛШЫН
ТІЛІНДЕГІ
СӨЗДЕРІНІҢ
ОРЫСША
АУДАРМАСЫН
ЖАРИЯЛАП
ОТЫРАДЫ.
ТАЯУДА 46
МЫҢНАН АСТАМ
ЖАЗЫЛУШЫСЫ БАР
ОСЫ ӘЛЕУМЕТТІК
МЕДИА
ОҚЫРМАНДАРЫНА
ӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
БАҒЫТ-БАҒДАРЫ,
МАЗМҰН-
СИПАТЫМЕН
МҮЛДЕ
ҚАБЫСПАЙТЫН
ТОСЫН
АҚПАРАТТЫ
ҰСЫНДЫ.



Срайыл
СМАЙЛ,
медиясарапшы

Әлдебір Телеграм-канал мен аты-жөні аталмаған жоғары лауазымды құрылысшыға сүйене отырып, жарияланған суыт хабарда «жақын күндері Өзбекстанда қуаты 7 балға жететін жойқын жер сілкінісі болады»-мыс. Скриншотын сақтап қойдық. Дұрыс жасаппыз. Екі күн

САНАНЫ УЛАУҒА ТОСҚАУЫЛ

өтер-өтпес, тіл үйретушілер әлгі ақпаратты арнадан алып тастады. Дәл осы күндері отандық кейбір ақпарат құралдары мен әлеуметтік желі «Жер сілкінісі болған жағдайда Алматыдағы үйлердің 70 пайызы қирап қалады» дейтін деректі жалпақ жұртқа жеткізуге жанталасып жатты. Мұнда да есімі, атақ-дәрежесі мен қызметі де көрсетілмеген «ғалымдарға» сілтеме жасалды. Төтенше жағдай министрлігі мұны дереу жоққа шығарды. Дүдәмал деректің көзін табуға әрекет жасап көрдік. Фактчекинг мұндай алыпқашпа ақпаратты таратушылардың бұдан он шақты жыл бұрын елімізде жапон мамандарының қатысуымен өткен жиынға арқа сүйейтінін көрсетті. Бірақ басқосудың қашан ұйымдастырылғаны, әлгі қорқыныштың, яғни «70 пайыздың» қай маманның ауызынан шыққаны айтылмайды. Анадолы атырабын астаң-кестең еткен зілзала — ғасыр апатынан кейін осы тақылеттес жаманат-жаңалықтың қаптап кетуі бекер емес. Өйткені жойқын жер сілкінісін желеу етіп, жұрт арасында дабыра дабылмен үрей туғызу, ертеңгі күнге деген сеніміне селкеу түсіру ақпарат кеңістігіндегі соғыстың сұмпайы тәсіліне айналып барады. Соның бір көрінісі — жаңалықтарда зілзаланың ең қорқынышты зардаптары бейнеленген фотосурет пен видеоны неғұрлым көбірек пайдалану. Әп-сәтте үйіндіге айналған көпқабатты биік үйлер, сау-тамтығы қалмаған мәйіт, ауыр тастың астында қалған балалар, кемтар мен ғаріптің жанайқайы, шарасыз ата-ананың көз жасы, жанұшырып көмек сұрап жатқан

жандар... Жүйкені жұқартуды көздейтін мұндай шабуылдың мақсаты да, мүддесі де белгілі. Шерхан Мұртаза ағамыз кезінде тап басып айтқандай, бір оқ шығармай-ақ, санаңды, рухыңды, жан-тәніңді, ақыл-ойыңды жаулап алып, өзіне бағындыруға бағытталған мәңгүрттендіру

Асылы, тарихқа жүгінсек, мұндай ұрыстың тамыры тереңде жатқанын көреміз. Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырдағы атақты Пенеполес шайқасында афиналықтар Спарта әскерін жеңе алмайтынын біліп, қарсыластың жанды жеріне қол салады. Сөйтеді де, әртүрлі қауесет таратып, сый-сыяпат тықпалап, спарталықтарға адал илоттарды көтеріліс жасауға көндіреді. Осылайша, сенімді одақтасынан айырылған Спарта жеңілді деседі. Ежелгі дәуірден сөз етуіміз бекер емес. Қазір де біртұтас елдің ішіне іріткі салып, бөлшектеуге тырысатынын айналамыздағы «түрлі-түсті төңкерістерден», әсіресе, көгертудің орнына



идеологиясы. Шерағаңның атақты шығармасымен аттас мылтықсыз майдан бүгінгі медиа кеңістігіндегі ахуалды дәл сипаттайды. Оқи алатынды, ойлай білетін әркімді де мықтап ойландыратын құбылыс. Заманауи технологияның түрлі тәсілімен қаруланғандар адамның өзіне бағындыруға ұмтылып, ақпараттық-психологиялық шабуылды үдете түсті. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі атап өткендей, «пост-шындық» (post-truth) атты терминмен ерекшеленген XXI ғасырдағы ғаламда «гибридті соғыс» (hybrid warfare) өршіп тұр. Мұндай майданда санаға соққы, дабыра дабыл, адастыратын ақпарат дәйексіз, дәлелсіз дерекпен беріледі. Гибрид – қоспа, бұдан деген мағына беретіні белгілі. Оған «соғыс» сөзін қосып, осы тіркесті 2007 жылы саяси әдебиетке енгізген – американдық оқымысты Френк Хоффман (Frank Hoffman). Ол қақтығыстан көз ашпаған Таяу Шығыста кәдімгі қарумен қабат, амал-айланың небір зымиян түрлері қолданыла бастағанын осы атаумен түйіндеген деседі.

қуратып жіберген «Араб көктемінен» көріп жүрміз. Айта кеткен жөн, кезінде Шерағаң алпауыт күштердің осындай зымиян әдіс-тәсілге жүгінетінін «Қызыл Жебеде» тәптіштеп-ақ жазып еді. Қазір қуатты, ең сорақысы, қорқынышты құралға да айналып бара жатқан медиа тек ақпараттық қана емес, психологиялық қысым жасаудың құралы болып тұр. Осы шаруамен тәжірибелі маманы, заманауи құрал-сайманы, мол қаржысы бар арнаулы орталықтардың айналысып жатқаны мықтап ойландыратын мәселе. Ой мен санаға шабуылда әсіресе, «fake news» деген атпен тілімізге енген жалған ақпарат тарату жиі қолданылатын әдіс. Бұл үшін көбіне, әсіресе, жастардың ақыл-ойына көбірек ықпал ете алатын бейнекөрініске (видео) жүгінеді. Сол арқылы «қорғансыз жандарға» аяушылық сезімін оятып, оларды «осындай халге түсіргендерге» қарсы наразылық білдіруге үгіттейді. Жалған ақпаратқа дер кезінде тосқауыл қойып, тойтарыс беру бүгінгі БАҚ-тың басты һәм көкейкесті міндеті боп тұр.

ШАРТАРАП



Францияда тағы да ереуіл. Түрлі дерек бойынша, көшеге 1,4 миллионға дейін адам шықты. Олар президент Эммануэль Макронның зейнетақы реформасына қарсы. Заң жобасы зейнет жасын қазіргідей 62 емес, 64 жасқа көтеруді көздейді. Макрон Франция тұрғындары «көбірек жұмыс істеуі керек» деген пікірде.





ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Болат ӘБДІЛМАНОВ:
ҚАРЫНДАСТАН АЙРЫЛҒАН ЖАМАН ЕКЕН,

Jas qazaq: Болат Мәзімбайұлы, театрдың қазіргі қоғамдағы мәселелерді көтеретіні қуантады. Жақында тұсауы кесілген «Жан әке» қойылымының сахналық нұсқасын жасап, басты рөлді сомдадыңыз. Бұл тақырыпты қозғауға не түрткі болды?

Б.Әбділманов: Біз актерлер көбінесе драматургтың ойын көрерменге жеткізуге талпынамыз. Ал әрбір рөл актерді тәрбиелейді. Абай болсын, басқа да ғұламалардың рөлдері болсын. Осы спектакльдерді қойып жүріп, өзіңнің ойың қалыптасады. Меніңше, адам тұлға болып қалыптаспаса, өнерде де тұлға бола алмайды. Өйткені актердің өзінің азаматтық ұстанымы, еліне, жеріне, мемлекетіне деген сүйіспеншілігі болады. Әр адамды «біз қайда бара жатырмыз, қайда кетіп бара жатырмыз?» деген ой мазалауы керек. Адам жасы келген сайын ойға беріледі.



Бізде «Менің үлкен қазақ отбасым» деген фильм шықты. Сонда бір қызы қара нәсілдіге, бір қызы қытайға тұрмысқа шығады. Бір қызы арабтың төртінші әйелі болып кетеді. Осыларды кинода көрсетеді. Мен осыған қарсы пікір айттым. Халықтың пікірі екіге жарылды. Киноны түсірген адамдар маған хабарласып, «қазіргі кинодан хабарыңыз жоқ, түсінбейсіз» деді. Мен сонда барып: «Қазіргі кино екен деп қазақтың қыздарын жан-жаққа таратып жіберу керек пе?» дедім. Кезінде француздың қыздарын мақтап-мақтап өзге ұлттарға беріп, қазір Наполеон тұқымынан ешкім жоқ. Одан кейін жапонның қыздарына көз тікті. Бірақ жапондар тез есін жиып, қыздарының өзге елге тұрмысқа шығуына тыйым салды. Осылайша олар өз табиғаты мен рухын сақтап қалды. Қазір енді қазақтың қыздары жат елдерге кетіп жатыр. Мұның артында үлкен

ОЛ ЕЛІМІЗГЕ АБАЙ ОБРАЗЫМЕН ТАНЫЛҒАН ТҰЛҒА. ӨЗІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫНДА ЕЛІ ҮШІН АЯНБАЙ ҚЫЗМЕТ ЕТІП КЕЛЕДІ. ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ АКТЕРІ БОЛАТ ӘБДІЛМАНОВПЕН СҰХБАТЫМЫЗ ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ ӨРБІДІ.

идеология тұр. Бұған да қыруар қаржы бөлінеді. Қыздарымыздың сүйегі таза екенін біз де білеміз. Олар – болашақ ана. Өз басым біздің қыздарымыз арқылы ұлтымыздың болашағына шабуыл жасалып жатыр деп есептеймін. Бізге де жапондардікі сияқты заң керек. Бүгінге дейін 20 мыңнан астам қаракөз қыздарымыз өзге ұлттың етегінен ұстап кетіпті.

деменцияға шалдыққан әкесін қарттар үйіне өткізеді. Сексенге келген адамның қарттар үйіне өткізілуі ең үлкен қасірет емес. Мұндағы қасірет қазіргі ұрпақтың өз басын ғана ойлауы. Ана мен әкеге деген құрметтің болмауы. Туған қызы әкесін қарттар үйіне өткізеді. Кезінде көмекшісі болған адам ауылға алып кетеді. Пьесаның сахналық нұсқасын жасадым. Соның желісін ұстай

Jas qazaq: Қойылым көтерген тақырыптың жүгі ауыр. Қазір жігіттеріміз де ұсақталып бара жатқандай ма?

Б.Әбділманов: Өнерден бұрын еліме деген, ұлтыма деген жанашырлық махаббатым бірінші орында тұр. Сондықтан толысқан адам ретінде осы тақырыпты көтергім келді. Иә, қазір жігіттеріміз әскерге барғысы келмейді. Бүкіл құндылықтар өзгеріп кеткен.Телеарнаға шығып мына көйлек жараса ма, жараспай ма деп ер адамға тән емес нәрселерді көрсетеді. Мен өзім әскерде болдым. Достарым да әскерге барды. Курстасым Сағи Әшімов те барды. Ол мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болатын. Бармаса да болар еді. Өз ұлымды да әскерге жібердім. Өнер адамы басқаларға үлгі болуы керек. Азаматтар әскерге бармаса, ертең жерімізді сақтай алмаймыз. Ертең қыздарымызбен кеткен ұрпақ бізге қызмет етпейді, сол жақта қалады.



Бүгінде шетелге 20 мың қыз кетті, ертең – жүз мың, одан әрі де кете берсе, миллионға жетеді. Ата-бабамыз «Қарындастан айырылған жаман екен, қаракөзден мөлтілдеп жас келеді» деп бекер айтпаған.

Жат ағымға кіріп кеткендер де көп. Қыздарымызды алып «талақ», «малақ» деп бір нәрсені шығарып, білгендерін істеді. Бізде тарихи дәстүр болмағандай ойлайды. Басқа жақтың бір нәрсесін әкеліп тықпалап, оған жарнама жасап, бізге енгізгілері келеді. Осылардың барлығы менің жанымды жегідей жеді. Директорымыз Еркін Жуасбек осы пьесаны маған ұсынғанда, өзімнің ойымда жүрген нәрселер көз алдымнан өтті. Бұл 2020 жылы «Оскар» сыйлығын иеленген Энтони Хопкинстің «Әке» фильмінің желісі бойынша жазылған шығарма. Бұл жерде әкесі мен қызының қарым-қатынасы суреттеледі. Туған қызы

отырып, виски ішетін жерін қымызға ауыстырдық. Өзіндік жұмыс болғаннан кейін бұл қойылымға қосымша қаражат бөлінбейді. Сондықтан киім жағы да өзімізден болды. Гүлшат Тұтова дейтін актрисамыз жылы камзол әкеліпті. Бұл камзолды 92 жасқа келген атамыз киіп жүретін деп. Қарасақ әйелдерге арналған. Мен бұл киімді сценарийге кіргіздім. Кемпіріне деген сағыныштан кемпірінің камзолын киіп алған қарияны көрсеткіміз келді. Бұл қойылымға қарсы болғандар да табылды.

Jas qazaq: Сонда қалай, ащы шындықты жасырғысы келетіндер бар ма?

Б.Әбділманов:Әр адамның қасіреті бар емес пе. Сөйтсек, қарсы болғандардың ішінде біреудің қызы кетіп қалған шетелге. Бұлар мұны шығарғысы келмейді. Жеке басының қасіретін өнерден биік қоятын адам болмауы керек. Сенің жеке қасіретің төмен тұруы керек. Өнерге келгеннен кейін мойындағы үлкен жауапкершілік бар екенін естен шығармаған жөн. Өзім үшін дейтін болсаң, өзің үшін үй саласың. Өзің үшін құдық қазасың. Өнерде өзім деген сөз қалып, ұлт үшін қызмет етуіміз керек. Бір мысал айтайын. Қытайда Үрімшіні басқарған Смағұл Жанәбілов деген кісінің қызы қытайға тұрмысқа шығады. Рұқсат бермесе де той жасайды. Сонда ол кісі той үстінде өз қызын атып салады. Сосын қызын құшақтап отырып жылап: «Бұл қыз менің ең кенжем, ең жақсы көретін қызым. Егер мен қызыма рұқсат берсем, мына тұрған 5 миллион қазақтың қызы түгел сөйтеді. Сондықтан мен қызыма деген махаббаттан гөрі, ұлтыма деген махаббатты биік қойдым. Қызды берсек, ертең ұлтымыз жоқ болады. Бұл бізге сабақ болсын деген нәрсені айтады. Премьераға Ақтөбе, Жаңаөзен. Алматы облысының ауылдарынан көрермендер келіпті. Маған қойылым соңында «шал төсектен тұрмасын, өлуі керек» деп кеңес бергендер болды. Мен шалды қайта тұрғыздым. Өмірде солай шығар. Ал өнерде олай емес. Жұрт шалмен бірге қайта тірілуі керек. Үміттенуі керек. Сондықтан қойылым соңында шалдың бір кездері күтушісі

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

болған келіншек ауылға алып кетеді. Өнердің мақсаты тек қана өмірдің қара түсін көрсету емес. Ақ түсін де көрсету. Қойылымға келген адам зор үмітпен шығуы керек. Қазір біздің еліміз суицид бойынша алғашқы оңдыққа кіреді. Жастарымыз болмайтын нәрсеге сынып кетіп, өз–өзіне қол салып жатыр. Бұрын бізді өнермен ұстады. Сондықтан адамға ой тастайтын кезде, бейнелеп айтқанда, «түн емес, күн» шығаруымыз керек. Көрермен театрдан рухани байып шықсын!

Jas qazaq: Болат аға, сіз Абай образын театрда да, кинода да сомдап жүрсіз. Данышпан Абай өз заманында сынаған қазақ бүгінде

жеріңе деген сүйіспеншілігің», – деп тоқтатады. Сонда Абай: «Сап, сап көңілім, сап көңілім» деген өлеңін жазған. Біз сол заманнан алыстаған сайын Абайға жақындай түсуіміз керек. Өмірде өзін, өзінің нәпсісін жеңе білген адам ғана ұтады. Ең қиыны – өзіңді жеңу. Дұшпанды жеңу емес, дұшпанды досыңа айналдыру да ерлік. Қазір адамдар ызалы. Бір қазақ бір қазақты жеп қоя жаздайды. Қолына пышақ берсең, сұғуға дайын. Тіпті өнерде де мүйізі қарағайдай ағаларамыз бар. Өнерде жүрсе де, бір-бірін кешірмейді. Бұл не деген сұмдық?! Әр актердің өз көрермені бар. Соларға бас иіп отырған. Олар кешірімді

өзі жасауы керек емес пе?! Қазір заман өзгеріп бара жатыр. Құндылықтар өзгерді. Өнер адамдары да өзгеруі керек, үлгі болуы керек. Өнерде батырдың рөлін сомдап, батырға тән үлгі көрсетпесек, өнерден не пайда. Қыздарымызға дұрыс тәрбие бере алмай отырмыз. Ішіме сыйған қыз сыртыма да сияды дейміз. Ол дұрыс емес. Ол қыз баласымен қалай сияды. «Қайтып келген қыз жаман» дейді қазақ. Осының астарында үлкен тәрбие мен мән жатыр.

Jas qazaq: Сіз театр саласы мен кино саласын бірге алып жүрсіз. Қазір көк жәшікті қосып қалсаң, түрік пен үнді сериалынан басқа

ҚАРАКӨЗДЕН МӨЛТІЛДЕП ЖАС КЕЛЕДІ



өзгерді ме? Қазір Абайдың өзіне мін айтатындар бар. Қалай ойлайсыз, біз Абайдан алыстап бара жатырмыз ба?

Б.Әбділманов: Біз заман өзгерген сайын Абайға жақындай түсуіміз керек. «Тиянақсыз, байлаусыз байғұс халқым, не түсінер күлкіңнен жыртың-жыртың» деп айтып кеткен ғұлама. Кейбірі Абайды түсінбейді. «Неге ол қазақты сынай берген, өз ұлтын сүймеген бе?» дейді. Ал Абай «Біздің бұрынғы бабаларымыз елдің қасіреті, елдік мәселе көтерілген кезде бүкіл араздықты қойып, бір тудың астына жиналған. Біреудің жақсылығын өмір бойы ұмытпаған. Ал қазіргі қазақтарда биылғы жасаған жақсылығың, келесі жылға жарамайды. Абай өз заманында бодан болған қазақты сынап отыр. Бодан болып көшіп келген халықтың жақсысын да алды, жаманын да алды. Аманатқа қиянат жасады. Уәдесінде тұра алмады. Екіжүзді болды. Дінін ұмытты. Сол кездегі нәрселерді мен Абайдың қара сөздерінен көрдім. «Абайдың жұмбағы» пьесасында осының барлығы айтылады. Абай данышпан, ақын ретінде таныстырылды. Ал Абайдың тұлғалық қасиеті бізге беймәлім болатын. Абай мен Тоғжан бірін-бірі сүйді. Неге қосылмады? Абай болыстың баласы. Абайға әкесі: «Балам, сен мына қызды ұмыт. Бұл қыздың айттырған елі бар. Сенің де қыз айттырған елің бар. Сен төрт жақтан теріс бата алайын деп отырсың. Екі жастың махаббатынан да артық нәрсе бар. Ол сенің еліңе,

болуы керек. Абай мен Жамбылдың аралары бір жас. Екеуі де атағы жер жарды. Абайдың баласы Әбіш өмірден қайтқанда Жамбыл Абайға барып көңіл айтады. Міне, сол кездегі ұлы адамдардың ұлылығы. Ал қазір біздің кешіре алмайтынымыз не нәрсе? Өнер адамының ісі халыққа үлгі болуы керек. Кешіру, бірін-бірі құрметтеу сияқты қасиеттер азайып кетті. Ат төбеліндей ғана қазақпыз. Бір-бірімізді құрметтемесек, бағаламасақ, жүрегіміз қараяды. Абай «ми ойлайды, шешім шығаратын жүрек» деген. Әзірбайжан Мәмбетов ағамыз «жүрегі қатыгез адамның сахнаға шығуға қақысы жоқ» дейтін. Бүкіл адамның болмысы жүректе тұр. Сондықтан жүректі қарайтпауымыз керек. Мына тұрған татарлардың жартысы шоқынып кетті. Өйткені олардың Абай сияқты ғұламасы болған жоқ. Қазір көп жастар ойлайды, бес уақыт намазын оқып, ораза тұтсақ, Алланың сүйген құлымыз деп. Ал Абай айтады: «Адам ораза ұстаса, өзі үшін ұстайды. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуан боласың, адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң Алланың сүйген құлысың» дейді. Отанды сүю иманнан. Қазір біздің жастарымыз Отанын қорғаудан қашады. Жігіттер «Қыздың әкесі кім болып істейді екен? Машинасы мен үйі бар ма екен?» деп қыздың жағдайын сұрайды. Жігіттер жағдайды

ештеңе көрсетпейді. Тіпті апта бойы сағаттап сол сериалдарға уақыт бөлінген. Отандық сериалдар түсіріп жатқанымен үлесі аз. Қалай ойлайсыз, өзге елдің киносынан қашан арыламыз?

Б.Әбділманов: Кез келген мемлекетті жаулау ұлттық құндылықтан басталады. Біз өзіміздің киномызды жасауымыз керек. Қазір қазақ тілінде телехикаялар түсіріліп жатыр. Халық рухани аш. Әйел болып киініп алатын еркектердің киносы мен ырду-дырду күлкіден шаршады. Бір кездері театрға көрермен таппай қалғанбыз. Қазір қойылымға билет табылмай қалады. Бұл халықтың талғамының өскені, сұранысының артқаны. Бір кездері халық осылай кеткені кеткен деп мұңайғаным рас. Қазір көңіліміз марқайып отыр. Көрерменнің талғамы бізден жоғары. Біз кеңестік дәуірде өскен адамдар әлі де болса құлдық санадан арыла алмай келеміз. Қойылым қойсақ та сол дәуірдегі идеямен қоямыз. Олай емес, қазір көрерменнің санасы өсті. Олар өзінің ұлтына, табиғатына, ата-бабасына жақын нәрсені іздейді. Біздің кез келген спектакль көрерменге арналады. Сен шедевр қойдым деп ойлауың мүмкін, егер оған көрермен келмесе, шедеврдің құны бес тиын. Оның тәрбиелік мәні болмаса, өнер



арқылы қазақ екенімізді айшықтап көрсетпесек, ондай өнердің бекерге кеткені. Меніңше, «сериал дәуірінен» де арыламыз. Бұл – заман талабы. Көрерменнің деңгейі өскенде өзге елдің кинолары құрып, өзіміздің төл туындылар көбейеді.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ҚАЗАҚТА ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН
ЫРЫМ-ТҮЙІМ КӨП. БҰЛ –
ӘШЕЙІН АЙТЫЛА САЛҒАН СӨЗ
ЕМЕС, ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА
БЕРІЛІП ОТЫРАТЫН ӨНЕГЕ. ЫРЫМ-
ТҮЙІМДІ АНА-ӘЖЕЛЕРІМІЗ
ҰСТАНДЫ, БІЗДІҢ ҚҰЛАҒЫМЫЗҒА
ҚҰЙДЫ. «БОСАҒАНЫ КЕРМЕ!»,
«ЖАҒЫҢДЫ ТАЯНБА!», «ШАШЫҢДЫ
ЖИНА, БАЙЫ ӨЛГЕН ҚАТЫНДАР
ҒАНА ШАШЫН ЖАЙЫП ЖІБЕРЕДІ»
ДЕУШІ ЕДІ, ЖАРЫҚТЫҚ ӘЖЕМІЗ.
ҚАНЕ, «ФЕМИНИЗМДІ» БЫЛАЙ
ЫСЫРЫП, ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ
ҚАЗЫНАСЫН ЕСКЕ ТҮСІРЕЙІК!



***Қыз баланы құрметтейді.
Қыз – ару, болашақ ана. Ұрпақ қыз
арқылы өрбиді. «Қыздың жолы –
жіңішке», «Қыз – жатжұрттық» деп
қастерлейді.

***Қыздың қабағында құт бар.
Қыз қабағы күрең тартса, ел жұтқа
шалдығады. Қыз қабағы күлімдесе,
құт қонады.

***Қызды қорлаған қызыл
шақасынан айрылады.

*** Қызды жылатқанның
қырсығы арылмайды.

***Қонақ болып барған қызды
үйдің төріне отырғызады. Себебі
қызда қырық көлік бақыт бар.
Төрде отырса, сол бақыттың
жұғыны төрде қалады. Қызда
қырық қырсық та бар. Босағада
отырса, қырсық сол үйде қалады.

***Қызды үйге келген қонақтың
алдында талтайтып отырғызбайды.
Мұндай қылық қызды ұятсыз іске
ұрындырады. Бақытсыздыққа
ұшыратады.

***Қыздардың кіндігін көрсетіп
жүруіне тыйым салынады. Кіндігі
көрінген қыздың бағы таяды.

***Үйінен ұзатылып бара жатқан
артына бұрылып қарамайды. Бұлай
істесе, некесі бұзылады.

***Жаңа түскен жас келін өзінің
киім-кешегін беталды қысқарта
бермейді. Бұлай істесе,
дүниеге келетін

нәресте кем
туылады
немесе түсік
тастайды
деп жаман
ырымға
жатқызады.

***Жаңа
босанған
үйге кірген итке
«шық» демейді.



«ҚЫЗДЫҢ ҚАБАҒЫНДА ҚҰТ БАР»



Бұлай істесе, тісі түсіп қалады.
Бойынан қайраты жойылады.

***Жүкті әйел түйенің жемеуі
керек. Жесе, баланы он екі ай
көтереді. Толғағы қатты болады.

***Қоянның етін де жемейді.
Жесе, туылған баланың ерні
қоянжырық болып қалады.

***Құстың да етін жемейді. Жесе,
туылған бала төбелескіш, ұсақшыл
болып кетеді.

***Жүкті әйел шашын кеспейді.
Өйткені мұндай қылықтан бақ
таяды, іштегі баланың бақыты
кемиді, кемтар болып туады,
қол-аяғы қысқа болады деп
ырымдалады.

*** Жүкті әйел ара, қайшы
ұстамайды – мерзімінен бұрын
босанады.

***Қазақ әйелдері қасын
боямайды. Жұлып, қырып,

тықырламайды. Бұлай істесе, жауы
басына шығады.

***Әйел пышақ қайрамайды.
Пышақ қайраса, үйде пәле туады,
неке бұзылады.

***Әйел еркектің алдында төсін
ашып отырмайды. Ашып тастаса,
сұқ көз қадалады, тіл тиеді.

***Қазақ әйелдері өзінің
басына салып жүрген жаулығын
басқаларға бермейді. Олай етсе,
басымдағы бақ басқаға көшеді деп
ырымдайды.

***Ұрысқанда тілдеп, бетке
түкірмейді. Бұлай істеген әйелдің
ақ некесі болады, өзінен-өзі талақ
болады деп ырымдалады.

Болат БОПАЙҰЛЫ,
«Қазақ кәдесі»

